

ӘОЖ 347.962; 347.97/.99

Г.А. Қуналиева

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының доценті,  
заң ғылымдарының докторы Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru

### Қазақстан Республикасының сот реформасындағы ерекшеліктері

Ата Заңымызда әркім өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар екені қамтылған. Республика соттары сот билігін Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырады. Конституция бойынша сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыра алады. Соттың ең басты мақсаты – азаматтар мен заңды тұлғалардың құқығын, бостандықтары мен заңды мүддесін қорғау, Конституцияның, конституциялық заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз ету болып табылады. Биыл 20 қарашада өткен Қазақстан Республикасы Судьяларының VI съезінде судьялардың, жалпы сот саласының соңғы 4 жылда атқарған жұмыстарының нәтижесі басты назарда болды.

**Түйін сөздер:** сот, сот билігі, судья, сот реформасы, судьялар съезі, медиация.

G.A. Kuanaliyeva

#### Features of judicial reform in the Republic of Kazakhstan

The Constitution of the Republic of Kazakhstan declares that everyone has the right to protection of the rights and freedoms through the courts. Judicial authority is exercised on behalf of the Republic of Kazakhstan. Under the Constitution, the court of justice by the courts alone. The main task of this Court to protect the rights, freedoms and legitimate interests of citizens and legal entities, enforcement provisions of the Constitution, constitutional laws and other regulations, as well as international treaties. On November 20 of this past year, the VI Congress of the Republic of Kazakhstan Judge main focus was on the performance of the judge and the judicial system in 4 years.

**Keywords:** court, judicial authority, judge, judicial reform, congress judge, mediation.

Г.А. Қуналиева

#### Особенности судебной реформы в Республике Казахстан

Конституция Республики Казахстан провозглашает, что каждый человек имеет права на защиту прав и свобод через суд. Судебная власть осуществляется от имени Республики Казахстан. Согласно Конституции судебное правосудие осуществляется только судом. Главная задача суда – это охрана прав, свобод и законных интересов граждан и юридических лиц, обеспечение исполнения норм Конституции, конституционных законов, других нормативных правовых актов, а также международных договоров. На прошедшем 20 ноября текущего года VI съезде Судей Республики Казахстан основной акцент был на результаты деятельности судей и судебной системы за 4 года.

**Ключевые слова:** суд, судебная власть, судья, судебная реформа, съезд судей, медиация.

Қазіргі заман құндылығы, сот төрелігі сонау ғасырлардан қазақ билерінің төреліктерімен сабақтасып, үндесіп жатқандығы біздерге көп нәрсені меңзесе керек, яғни оған өткен заманнан бізге өткен «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген бабамыздан қалған аталы сөзі біздерді, жаңа тәуелсіз соттардың судья-

ларын әділ сот төрелігін жүргізуге жетелейтіні шындық. Құқықтық мемлекет белгісінің бірі – сот билігінің заң шығарушы және атқарушы билік тармақтарына тәуелсіз қызмет атқаруы болып табылады. Қазақстан Республикасындағы үшінші билік – сот билігі. Сот билігінің мемлекетіміздің құқықтық мемлекет ретінде

қалыптасуы үшін маңызы өте зор. Республикамызда сот беделі асқақ, мерейі үстем, мемлекеттік жоғарғы орган болып танылады. Сот билігі – мемлекеттің негізін құрайтын, әлеуметтік-экономикалық, саяси және демократиялық даму жолындағы басты тетіктердің бірі. Азаматтардың сот билігіне сенім білдіруі сот төрелігін тиімді жүзеге асыруға тікелей әсер етеді. Сондықтан да пәрменді және тәуелсіз сот билігі мемлекет пен қоғам арасындағы өзара байланыстың кепілі әрі азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудың басты құралы болып табылады.

Әлбетте біздің қоғам бір орында тұрмайды, ол әрдайым өсу үстінде. Сот жүйесі де заман талабына сай өзгеріп, даму үстінде. Осыған орай соңғы жылдары сот саласы көптеген реформаларды жүзеге асырды. Сол реформалар сот төрелігінде орын алатын қайшылықтарды жойып, жүйені одан әрі жетілдіруге бағытталды. Сот реформасын жүргізу, ең алдымен, адам құқықтары мен бостандықтарын биік дәрежеге шығаруының бірден-бір кепілі болып табылады. Ел басымыз Н.Ә.Назарбаев әрбір жолдауында құқық қорғау органдарының қызметін, оның ішінде сот төрелігінің жұмысын дұрыстау, жаңарту басымдықтарына елеулі ынта қояды.

Ел басымыздың 27 қаңтар 2012 жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстанның дамуының басты бағыты» деп аталатын Жолдауындағы алтыншы бағыт, сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғыртуға арналған. «Судьялар сот төрелігін тек заң мен ар-ожданدى басшылыққа ала отырып шығаруға тиіс. Судьялар жасағын қалыптастырудың тәртібін түбегейлі түрде қайта қарау қажет. Апелляциялық инстанциялардың істерді қайта қарауға төменгі соттарға қайтару жөніндегі негізсіз шешімдерінің мүмкіндігін заң жүзінде шектеу керек. Жоғарғы Соттан бастап, бүкіл сот жүйесіне өздерінің жауапкершілігі мен біліктілігін арттыру, сөйтіп, өз жұмысын жетілдіруді өздері бастау талабы қойылады. Судьялардың заңды бұзуы жұрттың бәріне жария етілетіндей төтенше оқиға болуға тиіс. Арбитраждық және аралық соттар жүйесін нығайту керек» [1].

Біздің мемлекетімізде жеделдетілген түрде соттық-құқықтық реформа жүзеге асырылуда, соның ішінде әділсотты дүние жүзілік деңгейге жеткізу міндеті тұр. Қазақстан Республикасы Президентінің 24 тамыз 2009 жылғы № 858 Жарлығымен бекітілген 2010-2020 жылдарға

арналған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасында былай делінген: «Мемлекетіміздегі құқықтық саясаттың ең маңызды бөлігі ол құқықтық саясат болып табылады, оны жетілдіру қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару құқықтарының, сондай-ақ құқық қолданудың өзара байланысқан кешенді жолымен жүзеге асырылады» [2, 2б.].

Осының барлығы тұрақты түрде қалыптасқан адам құқықтарын қамтамасыз ету механизмін қайта қарауды талап етеді. Қазақстанның саяси-құқықтық даму тарихындағы саны жағынан үшінші болып табылатын аталмыш жаңа бағдарламалық құжат, мемлекеттің құқықтық жүйесінің болашақтағы онжылдығына негізгі бағыттарды анықтады. Концепцияда қазақстандық мемлекет пен құқықтың болашақ дамуы туралы ғылыми негізделген болжамдардың отандық және дүниежүзілік тәжірибеде жинақталған оның дамуының қазіргі тенденцияларына негізделген ұлттық құқықтық жүйені жетілдірудің негізгі бағыттары баяндалған. Осының негізінде құқық салалары жетілдіріліп және еліміздің әрі қарай жаңаруының құқықтық негізі ретінде қазақстандық заңдарының жаңа кезеңі қалыптастырылатын болады. Сот (судья) қылмыстық процестің басты субъектісі болып табылады. Сот қылмыстық істерді сотта қарау және шешу жолымен сот әділдігін жүзеге асырады. Сондай-ақ сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы да жүргізіледі. Сот билігін жүргізу алқабилердің қатысуымен де жүзеге асырылуы мүмкін. Соттарда қаралатын істердің көпшілігі азаматтық істер болып табылады. Бұлар азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, экологиялық, қаржы, салық және ведомствалық бағыныстағы соттардың қарастылығына жатқызылған басқа да құқық қатынастарынан туындайтын даулар болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (ҚРҚІЖК) 7-бабына сәйкес: «сот»-сот билігі органы, Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кіретін, істі алқалық немесе жеке қарайтын кез келген заңды түрде құрылған сот; ал «судья» – сот билігін жүргізуші; осы лауазымға заңда белгіленген тәртіппен тағайындалған немесе сайланған кәсіпқой судья (соттың төрағасы, сот алқасының төрағасы, тиісті соттың судьясы) болып табылады [3, 2 б.].

Сот өкілеттілігі заңмен нақты айқындалған:

1) адамды қылмыстың жасалуына кінәлі деп тануға және оған жаза тағайындауға;

2) адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын не мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдануға;

3) төмен тұрған сот қабылдаған шешімнің күшін жоюға немесе оны өзгертуге;

4) тергеушінің, анықтау органының, прокурордың айыпталушыға, күдіктіге қатысты үйде қамауда ұстау, қамауға алу түріндегі таңдаған бұлтартпау шараларына санкция беруге және олардың мерзімін ұзартуға;

5) сот актілерін жаңадан анықталған мәнжайлар бойынша қайта қарауға;

6) күзетпен ұсталмаған адамды сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру туралы шешім қабылдауға құқықты.

Соттың қылмыстық процесті жүзеге асырушы органдар жүйесіндегі орнының маңыздылығын түсіну үшін басқа ешқандай органға емес, тек сотқа ғана берілетін өкілеттіктердің мазмұнын ескеру қажет. Сондықтан адамды айыпты деп тануға және оған жаза тағайындауға, адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын не мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдануға, төмен тұрған сот қабылдаған шешімнің күшін тоқтатуға немесе оны өзгертуге тек соттың ғана құқығы бар» [4, 246 б.].

Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді. Қазақстан Республикасының Конституциясында судьялар басшылыққа алатын нақты қағидалар белгіленген. Сот төрелігінің принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады.

Ата Заңымыздың негізінде «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдары және «Алқабилер туралы», «Медиация туралы» және тағы басқа да заңдар қабылданды.

Заңдарды жетілдіру мақсатында әділ соттың қол жетімділігін қамтамасыз етуге, тұлғаның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қоғам мен мемлекеттің мүдделерін уақтылы қорғау мен қалпына келтіруге бағытталған көптеген нормативтік актілер қабылданды. Осылайша, республика соттары ортақ автоматтандырылған ақпараттық-анықтамалық жүйе бойынша жұмыс істейді, бұл сот жұмысшыларының еңбектерін біршама жеңілдетті, үрдістер өткізу барысында соттармен аудио-видео таспалар қолданылады, ол сот өндірісінің ашықтығын көрсетеді.

2011 жылғы 5 тамызда заңды күшіне енген «Медиация туралы» Заң қабылданды. Ол – біздің мемлекетіміздің сот жүйесіндегі басты жаңалықтардың бірі. «Медиация» сөзі латын тілінен аударғанда делдал, екі тарапты мәмілеге келтіруші үшінші тұлға деген мағынаны білдіреді. Медиация тараптардың ерікті келісім бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиаторлардың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Медиацияны, қарапайым тілмен айтқанда, бітімгершілік деп түсінуге болады. Яғни, қандай да бір мәселе бойынша тараптар арасында келіспеушілік туған жеке азаматтар немесе заңды тұлғалар оны соттан тыс, өзара келісім жағдайында шеше алады. Екі арадағы келісім медиаторлар арқылы жүзеге асырылады. Аудан, қала, ауыл әкімдері республика аумағында кәсіби емес негізде медиацияны жүзеге асыратын кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізеді. Медиацияның мақсаты: дауды бітімгершілікпен шешудің екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу.

Медиацияны жүргізу кезінде еріктілік, құпиялық, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы және медиация тараптарының тең құқылығы мен оның рәсіміне араласуға жол бермеушілік қағидалары сақталуы тиіс. Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілдерінің бірі. Біздің ата-бабаларымыз бұрын бұл тәсілді тиімді қолданып, түрлі дауды билер соты арқылы бітімгершілікпен шешіп келгендіктен, бұл Заң қазаққа жат емес. Жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларды реттеу кезіндегі медиация сотқа жүгінгенге дейін де, сот талқылауы

басталғаннан кейін де қолданылуы мүмкін. Қылмыстық сот ісін жүргізу барысындағы медиация қылмыстық процессуалдық заңында белгіленген сотқа дейінгі және сотта іс жүргізу мерзімдерінде жүзеге асырылуға тиіс.

Медиация – дауларды шешудің балама жолы. Бұл тәсіл алпауыт елдерде ертеректе қалыптасқан және заңдастырылған. Медиация тәсілін АҚШ, Аргентина, Ұлыбритания, Германия, Аустрия сынды әлемнің алпауыт елдері ертеден бері қолданып келеді. Жалпы, медиация әдісі дүниежүзінде ХХ ғасырдың екінші жартысында дами бастады. Ең алдымен АҚШ-та, Аустралияда, Ұлыбританияда, ал кейін ол бірте-бірте Еуропада таралды. Медиацияны қолданудың алғашқы әрекеттері отбасы қатынастары саласындағы дауларды шешу кезінде тәжірибеге енгізілді. Кейін медиация отбасы жанжалдарынан бастап коммерциялық көп жақты жанжалдарға дейінгі даулардың кең шеңберін шешу кезінде қолданылатын болды. Әлемдік тәжірибеде медиацияны заңнамалық бекітудің мысалдары көп. Тиісті актілер АҚШ-та, Аустрияда, Германияда қабылданған.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 14 желтоқсан 2012 жылғы «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқын жүзеге асыруы болып табылады. Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңайлату, оны басы артық бюрократиялық рәсімдерден арылту керек. Жаңа ақпараттық технологияларды белсенді енгізген жағдайда мұны істеу қиын емес. Сонымен бір мезгілде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру қажет. Сот билігінің беделі орындалмаған сот шешімдерінен төмендейді. Осыған байланысты, бұл жағдайды түбегейлі өзгерту жөніндегі шаралар қабылдануға тиіс» деп тікелей көрсетілген. Сонымен қатар Елбасы Президент әкімшілігіне, Қауіпсіздік Кеңесіне Үкіметпен бірлесіп, ведомствоаралық жұмыс тобын құруды және 2013 жылдың екінші тоқсанының аяғына дейін Құқық қорғау жүйесін

одан әрі жаңғырту бағдарламасының жобасын әзірлеуді тапсырды [5, 246 б.].

Еліміздің бас қаласының зәулім ғимараты Тәуелсіздік сарайында қарашаның 20 жұлдызында Қазақстан Республикасы Судьяларының VI съезі болып өтті. Съезд мемлекеттің жоғарғы лауазымды тұлғаларының қатысуымен 4 жылда 1 рет өтеді. Осы маңызды қоғамдық-саяси іс-шараға Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев, орталық мемлекеттік органдардың басшылары, көптеген шетелдік делегациялар, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық Сотының және Еуразиялық Экономикалық Сотының судьялары, сондай-ақ республиканың барлық өңірлерінен 600-ден аса судья қатысты. Съезде қойылған күн тәртібінде – мемлекет басшысының алдыңғы форумда белгіленген міндеттерін іске асыру барысын талқылау, сот ісін жүргізудің өзекті мәселелерін қарау, Қазақстан әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына енуі кезіндегі сот жүйесінің рөлін айқындау мәселелері жайлы ой қозғалды.

Қазақстан судьяларының съезі – сот ісін жүргізудің дамуының маңызды белесі болып табылады, өйткені талқылауға реформаның ең өзекті мәселелері мен Сот жүйесін жетілдіру, сондай-ақ Елбасы қойған басымдылы міндеттерді іске асыру сұрақтары қойылады. Тәуелсіздік алғаннан бері, сот-құқықтық реформасы шеңберінде заң қызметі жүйесінің үнемі жетілдіру жолында Сот жүйесінің жұмысы көп өзгерістерге ұшырады. Өзгерістердің бірінші және басты нәтижесі, ол Қазақстан тарихында алғашқы рет сот билігі, үш биліктің біреуі болып конституциямен бекітілді. Соның негізінде Қазақстан сот жүйесі Халықаралық судьялар қауымдастығына қабылданды, бұл Қазақстан Республикасы Сот жүйесін халықаралық судьялар қауымдастығы мойындағанының белгісі.

Қазақстан Республикасы Судьяларының VI съезінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «XXI ғасырда мемлекет дамуының басты өлшемі ұлттық сот төрелігі жүйесі болып табылады. Тәуелсіз және әділ сот – құқықтық мемлекеттің тұғыры. Онсыз әлемнің бірде-бір елі, соның ішінде ең дамыған мемлекеттерде қолайлы инвестициялық ахуалды, азаматтардың өмір сүруінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мүмкін емес. Сондықтан сот реформасы жөніндегі жұмысты еселеу қажет. Мен судьялардың VI



сьезінің басты міндеті осы деп білемін» деп, жаңа Азаматтық іс жүргізу кодексіні әзірлеуді де тапсырды. Сондай-ақ 2014 жылдың бюджетінде судьялар санын 450-ге, яғни 25 пайызға көбейтуге тапсырма беріп, Азаматтық сот өндірісін жаңғырту қажет», – деп атап өтті [6, 246 б.].

Жоғарғы Сот төрағасы Қайрат Мәми Судьяларының VI съезінен кейін, әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдарында берген сұхбаттарында, еліміздегі сот құқықтық реформасы толығымен іске асырылды деуге болады. Осы реформа аясында ең озық халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, егемен Қазақстан дамуының өзіндік, құқықтық жолын айқындап алды деп тұжырымдады.

Қазақстан Республикасы Судьяларының әр съезінде қабылданған шешімдері нәтижелі орындалып келеді. Елбасы Судьялар одағының 5-съезінде бірқатар нақты міндеттерді алға қойғаны белгілі. Атап айтқанда, инновациялық технологияларды қолдану арқылы сот өндірісін жетілдіру қажет екенін атап өтіп, келесі съезге дейінгі мерзімде қағаз түріндегі құжат айналымынан бас тарту, электронды

технологияларға көшу, мамандандырылған соттар жүйесін кезең-кезеңімен енгізу, дауларды шешудің баламалық әдісі, яғни, медиация институтын енгізу туралы тапсырма берілген болатын. Қазіргі күні бұл тапсырманың барлығы кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, нақты шешімін тапқанына бәріміз куә болып отырмыз. Қазақстан судьяларының әрбір съезінде еліміз сот жүйесінің жұмысын одан әрі жандандырып, құқықтық сот реформасын жүзеге асырудағы судьялар бірлестігінің қоғамдық рөлі және заңнамаларды жетілдіру, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мәселелері қарастырылып, судьялар мен сот қызметкерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға ауқымды бағдарламалар бекітіледі. Сот беделінің басымдылығына қол жеткізу үшін, сот билігі, алдымен, Қазақстан Республикасының азаматтары мен ұйымдарының соттарға деген сенімін қайта жаңғыртып, Конституция мен заңдылықтың орындалуын қамтамасыз етуі керек. Халық сеніміне сот төрелігін атқарудың сапасын жаңғырту және заңды сот актілерін шығару жолымен ғана қол жеткізуге болады.

#### Әдебиеттер

1. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстанның дамуының басты бағыты» Қазақстан Республикасы Президентінің 27 қаңтар 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы. //www.akorda.kz/
2. «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы N 858 Жарлығы // Егемен Қазақстан 2009 жыл, 28 тамыз, N 281-283 (25680);
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі. 13 желтоқсан 1997 ж. – Алматы: Юрист, 2008 ж. – 206 б.
4. Төлубекова Б.Қ. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы. Жалпы бөлім: оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2000. – 416 бет.
5. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 14 желтоқсан 2012 жылғы «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. //www.inform.kz//
6. Қазақстан Республикасы Судьяларының VI съезі өз деңгейінде өтті... //www.zhambylsot.kz//

#### References

1. «Aleumettik-ekonomikalık jangyrtu - Kazakhstannyn damuynyn basty bagyty» Kazakhstan Respublikasynyn 27 kantar 2012 zhylygı Kazakhstan halkyna Zholdauy. // www.akorda.kz//
2. «Kazakhstan 2010 Respublikasynyn zhyldan 2020 zhylyga deyingi kezenge arналган kykyktyk Sayasat tuzhyrymdamasy turaly» Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin 2009 zhylygı 28 tamyzdagy Zharlygy N 858 // Egemen Kazakstan 2009 zhyly, 28 tamyz, N 281-283 (25680);
3. Kazakhstan Respublikasynyn kylmystyk is zhyrgizu kodeksi. 13 zheltoksan 1997 zhyly. - Almaty: Lawyer, 2008 zhyly. - 206 b.
4. Tolebekova B. K. Kazakhstan Respublikasynyn Kilmystyk is zhyrgizu kykygi: Zhalpy bolim. Okulyk- Alma-Ata: «Zhety zhargy» 2000. – 416 b.
5. Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenti - Elbasy N.Ә.Nazarbaevtyñ 14 zheltoksan 2012 zhylygı «Kazakhstan - 2050» strategi-yasy kalypaskan memlekettin Zhana Sayasi bagyty» atty Kazakhstan halkyna Zholdauy. // www.inform.kz//
6. Kazakhstan Respublikasy Sudyalarynyn VI sjezi oz dengeinde otti... // www.zhambylsot.kz//